

**Қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі
комиссияның кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№2

Орал қаласы

2019 жылғы «5» наурыз

Төрағалық еткен: Орал қаласының әкімі – М.Р.Мұқаев

Қатысқандар: төтенше жағдайлар басқармасы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі, кенттер мен округ әкімдері, коммуналдық мекеме басшылары және т.б.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Орал қаласы бойынша қыс маусымының өту барысы туралы

(М.Мұқаев, А.Ешмұқанов, М.Нұртазиев)

1. Орал қаласы бойынша төтенше жағдайлар басқармасы (А.Ешмұқанов), Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі (М.Нұртазиев):

1.1. Қардың мөлшерден көп түсуіне байланысты, су тасқынын өткізу барысында төтенше жағдай қалыптасып, отырғандығын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі №756 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасы» қаулыларына сәйкес, Орал қаласы аумағында 2019 жылдың 10 наурызынан бастап 1 ай мерзімге төтенше жағдай жариялау жөнінде қала әкімдігіне ұсынылсын;

1.2. Орал қаласы әкімдігінің төтенше жағдайларға арналған резервінен қажетінше қаражат бөлінсін, Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі бөлінген қаражат «Жайық Таза қала» ЖШС-не қосымша арнайы техникалар тартуға жұмсалсын.

2. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі (М.Нұртазиев), кенттер мен округ әкімдері (Т.Ашиғалиев, А.Кадыров, К.Нуршинов, Ш.Теміржанов):

2.1. Қала ішіндегі және кенттер аумағындағы су ағатын арықтар мен су бұрғыш құбырларды қардан тазалау жұмыстары жүргізілсін;

2.2. Орал қаласы және әрбір ауылдық округтерден субасу кезеңіне жауапты мамандар тағайындалып, су басу учаскелері бойынша қар шығару жұмыстары бақылауға алынсын.

2.3. Көктемгі су тасқыны қауіпі кезеңіне тәулікбойы кезекшілік ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін;


3. «Жайық Таза қала» ЖШС-не (Қ.Ерсайынов):

3.1. Қар тазалауға қосымша арнайы техникалар жұмылдырылсын.

3.2. Көктемгі су тасқыны кезеңіне су басу қауіпі бар жерлерге тәулікбойы қар тазалау жұмыстары жүргізілсін.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау Орал қаласы әкімінің орынбасары С.Доляға жүктелсін.

Қала әкімі



М.Мұқаев